

## Ұлттық қолөнер арқылы білім алушыларды қолөнер шеберлігіне үйрету технологиясы

Ф. Б. Нугманова<sup>\*1</sup>, А. Ж. Архыматаева<sup>2</sup>, К. Б. Әдиет<sup>3</sup>, А. Т. Кайыпбаева<sup>4</sup>

<sup>1,2,3,4</sup> Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы

Астана қ., Қазақстан Республикасы



**Аңдатпа.** Зерттелетін мәселенің өзектілігі XIX ғасырда және XX ғасырдың бас кезінде қазақ халқының қолөнері оның ішінде киіз үй жасау, ағашты өрнектеу, кесте тігу, өрмек тоқу, кілем жасау, т.с.с. кең еріс алған. Мақала авторлары көркем еңбек пәні арқылы, білім алушылардың қазақ халқының қолөнері шеберлік жүйесіне арнайды, білім алушылардың болашақ көркем еңбек мұғалімі мамандығын таңдауына жол ашады. Мақалада атап көрсетілген мамандыққа, білім алушыларды, үнемі өзін-өзі дамытатын жүйеге ұмтыла отырып, көркем еңбек пәнінің негіздері ашылған. Бүгінгі таңда жаңалыққа жаны құмар жас ұрпаққа заман талабына сай тәрбие мен білім беру, оны ұлттық құндылықтар арқылы жүзеге асыруын қарастырған. Білім алушылардың көркем еңбек пәнінің «Сәндік-қолданбалы өнер» бөлімі арқылы, олардың көңілін сәнді-қолөнер бұйымдарын жасау жолдарына, ұлттық құндылықтарын бойына сіңіріп, адамгершілік, еңбексүйгіш, дағдыларын қалыптастыру жолдары құрастырылған. Қазақ халқының ата-мұрасын жаңғырту және жалғастыру құрметтеу керектігін үйрену керектігіне қорытынды жасаған. Өнер туындыларының мазмұнын жете меңгерту. Білім алушыларды болашақ көркем еңбек мұғалімін таңдау, таңдаған мамандыққа құрмет көрсету керектігі жөнінде әзірлеген.



**Тірек сөздер:** білім, тәрбие, ұлттық құндылық, ұлттық игілік, мәдениет.



**Қалай дәйексөз алуға болады / Как цитировать / How to cite:**

Нугманова, Ф. Б., Архыматаева, А. Ж., Әдиет, К. Б., Кайыпбаева, А. Т. Ұлттық қолөнер арқылы білім алушыларды қолөнер шеберлігіне үйрету технологиясы [Мәтін] // «Білім» ғылыми-педагогикалық журналы. – Астана: Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, 2023. – №2. – Б. 97-107.

### Кіріспе

Бүгінгі мақсат – ғасырлар қойнауында пісіп-жетілген ұлттық өнер дәстүрлерін игеру, заман талабына сай дамыту, жалпы халықтық игілікке айналдыру.

Қолөнер, қолданбалы өнер – дәстүрлі тұтыну және сәндік бұйымдарын жасайтын өндіріс. Қолөнер туындылары қайталанбас, алуан түрлі әсем әшекейлерден және шағын ойыншықтардан бастап күрделі кестеленген композициялардан тұратын көлемді кілемдерді, тоқыма мата-

дан жасалған көп заттық жиынтықтарды, шыны, ағаш және металл бұйымдарын камтиды. Пішіндердің ықшам да мәнді үйлесімі, түстердің жоғары талғамы, өрнектердің әсемдігі, композициялық шешімі көздің мүлтіксіздігі мен қолдың дәлдігін, қиял ұшқырлығын ұштастырып, шебердің жұмысты өзіне тән тәсілдермен орындауына жеткізеді. Әрбір қолөнер туындысы өз заманының материалдық мәдениетінің үлгісі және халық талғамының, әлеуметтік қоғамдық жағдайының, діни сенімінің, салт-дәстүрінің нақтылы көрінісі[4].

Ұлттық мәдениет пен өнер негізінде жан-жақты тәрбие беру, сұлулыққа, тазалыққа үйрету, адамзат қоғамындағы бұрын-соңды жасалған мәдени мұраны жүйелі меңгеруге жалпы әлемдік рухани игіліктерді бағалай білуге тәрбиелеу жақтары қарастырылған [1].

Қазақ халқының кезіндегі қолөнері сан ғасырлық ақыл-ойдың тәжірибесін табиғатты түсіне білудің, сондай-ақ дәулескер шеберлік пен даналық суреткерліктің құдіретті туындылары десек, асыра айтқандығымыз болмас.

Қоғамның қазіргі кезеңде мектеп алдына қойып отырған негізгі міндеті – жастарға әлемдік ғылым мен прогресс деңгейіне сәйкес білім мен тәрбие беру, оның рухани байлығы мен мәдениеттілігін, ойлай білу мүмкіндігін, инабаттылық қасиетін жетілдіру, сонымен қатар әр адамның кәсіби біліктілігі мен білімділігін, іскерлігін арттыру.

Адамның жеке басының қалыптасып, саналы еңбек ететін азамат болып өсуі ата-баба мұрасының мол байлықтарын сақтай білу, салт-дәстүріміздің, қолөнеріміздің жақсы жақтарын бойларына сіңіре отырып өсіру қажеттігінен туындайды.

Қоғам байлықтарының барлығы да адам еңбегімен жасалады. Міне осы халқымыздың тәрбие негіздерін жалпы білім беретін мектептерде болашақ ұрпағымызды ұлттық қолөнерге баулуды оқу-тәрбие процесіне терең енгізе оқыту бүгінгі күннің көкейкесті мәселелерінің бірі болып отыр. Халық шығармашылығының қандай түрі болса да халық өмірімен, сол халықтың қоғамдық тарихымен, күнкөрісімен, кәсібімен, салт-дәстүрімен тығыз байланысты өркендеп, дамитынын көреміз.

Қолөнер шеберлері балалардың бойындағы қайрат пен күш-жігерін парасаттыққа бағдарлаған: үлкенді сыйлау, кішіге инабатты болуға, имандылыққа, әдептілікке, еңбекқорлыққа, әсемдікке баулыған. Бастаған ісін тастап кетпей, оны аяқтай білуге үйреткен.

Қолөнер шеберлері ата-бабаның көркем мұрасына, дәстүрлі қолөнердегі игі қасиеттерге ұқыпты болуға, оларды қастерлеуге тәрбиеленген. Қолөнер шеберлері ағаш өңдеу, металл өңдеу, тері өңдеу, жүн өңдеу, тоқымашылық зергерлік өнер түрлерімен айналысқан.

Қолөнер шеберлері өз ісінде өнер туралы мақал-мәтелдерге жүгінген, олар арқылы жастарға ақыл-кеңес берген. «Өнерді үйрен де жирен», «Өнерлі өзге жүзер», «Ер жігітке жеті өнер де аз», «Олақтан, салақ жаман» деген мақал-мәтел нұсқаларын үнемі пайдаланып отырған.

Қазақ отбасындағы ата-ана бала тәрбиесінде қолөнері мен сөз өнеріне ерекше мән берген: «Ақыл көпке жеткізер, өнер көкке жеткізер», «Қол өнері кілемде, сөз өнері өлеңде», «Ер қадірін ерлер білер», «Өнер еңбектің жемісі», «Зер қадірін зергер білер», «Үлгісіз ұста болмас, пішкені қысқа болмас», деп халық даналығы өнердің қадір-қасиетін жан-жақты ашып көрсетіп, баланы жас шағынан отбасындағы өнерге тәрбиелеген[5].

Қолөнер – қазаққа туа біткен қасиет. Бұл жерде қазақ халқының керегін алыстан іздемей өз қолындағы табиғат байлығы мен шикізаттарды үлгірте білетіндігін, әр іске машық, тапқыр, ұшқыр қиялын айрықша айта кету керек [4].

## Материалдар мен әдістер

Біздің елімізде ұмытылған қол еңбегі сериялық өнеркәсіптік үлгілерден өздерінің құндылығы мен артықшылығына ие болады. Адамдар әрдайым қолмен жұмыс жасауды эмоционалды руханияттың қайнар көзі ретінде бағалағаны таңқаларлық емес. Қолөнердің белгілі түрлерінің ішінде тамырлары алыс өткенге кететін кілем жасау ерекше орын алады. Ою-өрнектерді құрастыруда қалдық маталардан құрастыру жолдарын ашып көрсету. Соған байланысты шет мемлекетте оны патч техникасы деп қарастырған.

Мата қысқа мерзімді материал болып табылады, сондықтан патч техникасының

пайда болу уақыты мен орны бөлек. Бір уақытта бірнеше елде патчтардың пайда болу мүмкіндігі жоққа шығарылмайды. Алайда, бұл әдіс Англияда пайда болды, содан кейін біртіндеп басқа жерлерге таралды. Жапқыштан жасалған бұйымдар Ресейде, Америкада, Австралияда пайда бола бастады.

Жылдар өте келе, қиын өмірлік жағдайлардан мәжбүрлеп шығу сияқты қолөнердің бұл түріне деген көзқарас біртіндеп өткенге айналды. АҚШ, Германия, Швеция, Швейцария, Австралия сияқты елдердің мұражайларының экспозицияларында патч жасау, стилінде жасалған бұйымдардың барлық коллекциясы бар. Мұндай коллекция бүкіл ресейлік сәнді-қолданбалы және халықтық өнер мұражайында бар [2-3].

Ұлыбритания мен Голландияда жамылғы бұйымдары ұрпақтан-ұрпаққа беріліп келе жатқан отбасылық жәдігерлер болып саналды, ал жас қыздарға ерте жастан бастап жамылғы тігуге және тігуге үйретілді.

Ресейде үйде жасалған маталар үйді безендіру үшін негізінен шаруалар, ал XIX ғасырдың екінші жартысына дейін қала тұрғындары қолданған. Бірақ XVIII ғасырдың аяғынан бастап, әсіресе XIX ғасырда, Ресейде машина өндірісінің дамуына байланысты арзан, түрлі-түсті, жарқын мақта маталары үй шаруашылығына ене бастады [1].

Ал, Қазақстанда, қолөнер шеберлігі, ертеден дамыған. Соның ішінде, құрақ сөзі енген, оның екі мағынасы қарастырылған. Біріншісі, көлдің жағасында өсетін құрақ десек, екіншісі мата қиындысынан жасалатын бұйымды құрақ дейді. Сондықтан құрақ дегеніміз шығынсыз өнім жасау деген мағына береді. Құрақтың 200-ден аса түрі бар. Құрақ құру екі мақсаты көздейді, біріншіден, мата қиындықтарын іске ұқсату, кәдіге жарату, яғни үнемшілдікке үйрету. Екіншіден, үлкен сәнділікпен мата қиындықтарынан әртүрлі пішінді жасай отырып, қиюластырып, көрпе көрпешелер тігу, кілемге ою салып жасау. Құрақ

құру техникасы екі бағытта дамып келеді: бірінші, құрақ құрау (құрақ мозайкасы); екіншіден жапсырмалау (апликация).

*Оюлап құрақ құраудың жасалу жолдары:*

- а) композициялық орналасуы, симметрия сақтау;
- б) қағазға геометриялық элементтерін түсіру, дұрыс және бірдей орналасуын қадағалау.

Кілем жасаудағы құрақ құрау технологиясы:

1. қандай өрнекті құрасақ та, сол өрнектің сызбасын қағаз бетіне түсіріп аламыз;
2. жүнің түр түсінің үйлесімділігін анықтап оны түсін таңдаймыз және бояп аламыз;
3. геометриялық пішінде үлгілі қағаз даярлап аламыз да, сол қағазды үлгілі етіп, пайдалану арқылы, жүнді қағаз мөлшерімен оюлап аламыз;
4. оюлап дайындаған жүнді өрнек бойынша рет-ретімен: әуелі ортаңғы бөлік, содан кейін шеткі бөліктерді қосып аламыз.

Жүннен жасалған құрақ оюларды түрлі-түсті бояуларға бояймыз. Түрлі-түсті әсем құрақтар пайда бол бастайды нәтижесінде. Құрақ жиегінен жиектеп сызып, сызық бойынша ойып алынады. Оюлаған қағазды бұйымның оң бетімен беттестіріп шетіне 1 см тігіс есептеп сызып шығамыз.

Сызылған сызық бойынша оюлап жасаймыз. Ал кілем жасауда, құрақ жүннен жасалып оның өлшемі 10-15 см қылып салынады.

## Нәтижелер

Қазақ халқының сәндік-қолданбалы өнері арқылы оқушылардың технологиялық іскерлігі мен дағдысын қалыптастыру


мазмұны 5-9 сынып білім алушыларының «Көркем еңбек» оқу бағдарламасының «Сәндік-қолданбалы өнер», Қазақстанда кілем және кілем бұйымдары көшпенді қазақтың тұрмысында ерекше орын алды, әсіресе, киіз үй жиһазы ретінде ағаш бұйымдары маңызды болған. Жасалу әдістеріне байланысты киіз үйдің жылулығы және сәнділігі үшін кілемдердің түрлері, киіз үйдің алаша мен киізін тартып бекітуге арналған бау, басқұрлар; үй-ішілік сәндік бұйымдар: есік, кереге басына ілінетін бұйымдар, сандыққап, теңқап, қоржын, түрлі тоқыма дорбалар мен заттар салып сақтау үшін қажетті бұйымдар, атқа салатын қоржындар және тағы басқа тоқыма бұйымдар дайындалатыны жайлы ұғым беру арқылы білім алушылардың өнерге деген қызығушылығын артыру. Осы аталған сәндік-қолданбалы өнер түрлерін бағдарламаға сай, 5-9 сынып білім алушыларын сәндік қолөнер бұйымдарын технологиялық өңдеуге үйрету көзделген. Көркем еңбек пәні білім алушының кәсіби даярлығын кәсіби іскерлігін қалыптастыру мәселесінің құрамында қарастырған жөн [6].









Білім алушылардың болашақта, жоғары оқу орнында алған білімі олардың қолөнер шеберліктеріне қол жеткізу үшін, халық шеберлерінің қолынан шыққан бұйымдарының жасалу жолдарын қарастыра отырып шешуге бағытталады.

Қазақ халқының ұлттық құндылықтарын бағалауға тәрбиелей келе оларды осы бұйымдарды жасау үшін қандай технологиялар қолдануға болатынына талдау жасап кететін болсақ, соған байланысты кілем жасау технологиясын жасау жолдарын мысал ретінде қарастырдық. Олар кілем жасау технологиясын қолдану арқылы, міне осы технологияны үйрете отырып, білім алушыларды қолөнер шеберлік жолына бағыттау. Сол сияқты мектеп қабырғасынан бастап, білім алушыларды шеберлік жолына талпындыру қажет. Жоғарыда келтірілген әдістерге сүйене, отырып білім алушыларға қолөнер шеберліктерін дамыту үшін, оларға ою-өрнектерді кілем жасау технологияларында қалай қолдануға болатынын үйрету. Соған орай 1-кестеде білім алушыларды қолөнер шеберлігіне үйретуге, кілем жасау технологиясы ұсынылған.

### 1-кесте – Кілем жасау технологиясы

№	Жұмыс реті	Нобайы	Құрал- жабдықтар, материалдар
1	Кілем жасауға қажетті материалдарды дайындаймыз		қоңыр және қара қойдың жүнінен жасалған жіп
2	Кілем жасауға қажетті материалдарды дайындаймыз		қайшы ине табақ және су сабын, пленка

№	Жұмыс реті	Нобайы	Құрал- жабдықтар, материалдар
3	Кілем жасауға қажетті материалдарды дайындаймыз		қайшы ине табақ және су сабын, пленка
4	Ең алдымен қара жіпті дайындаймыз		жіп
5	Целлофан мешокты жайып оған қара жіпті бетіне жаямыз		целлофан мешок, жіп
7	Қара жіпті целлофан мешоктың бетіне жайып оның бетіне сабынды суды құямызда целлофан мешокты бетіне жабымызда, бетін сабынмен суамыз		целлофан мешок, жіп,су, сабын
8	Қара жіпті целлофан мешоктың бетіне жайып оның бетіне сабынды суды құямызда целлофан мешокты бетіне жабымыз		целлофан мешок, жіп
9	Қара жіпті целлофан мешоктың бетіне қойып қоңыр жіппен қабаттаймыз		целлофан мешок, жіп
10	Қара жіпті целлофан мешоктың бетіне қоңыр жіппен қабаттаймызда, оюды қағаздан ойып дайындаймыз		целлофан мешок, жіп,қағаз және қайшы
11	Қара жіпті целлофан мешоктың бетіне қоңыр жіппен қабаттаймызда, оюды қағаздан ойып дайындаймыз, инемен дайындаған қара жіптің бетіне инемен ортанып оямамыз		жіп, қағаз және қайшы

№	Жұмыс реті	Нобайы	Құрал- жабдықтар, материалдар
12	Қара жіпті целлофан мешоктың бетіне қоңыр жіппен қабаттаймызда, оюды қағаздан ойып дайындаймыз, инемен дайындаған қара жіптің бетіне инемен ортанып оямамыз		жіп, қағаз және қайшы
13	Қоңыр жіптің бетіне ойылған оюды қоямыз		ою, жіп
14	Оюды қоңыр жіптің бетіне орналастырып оған сабынды суды құяды		ою, жіп
15	Оюды қоңыр жіптің бетіне орналастырып оған сабынды суды құяды		целлофан мешок, жіп
16	Оюды қоңыр жіптің бетіне орналастырып оған сабынды су құяды да оның бетіне целлофан мешокты жабады		целлофан мешок, жіп
17	Оюды қоңыр жіптің бетіне орналастырып оны сабынды су құяды да, оның бетіне целлофан мешокты жабады да, оны орап суын сорғытады		целлофан мешок, жіп
18	Оюды қоңыр жіптің бетіне орналастырып оны сабынды суды құяды да, оның бетіне целлофан мешокты жабады да, оны орап суын сорғытады және оның бетіне мата жауып кептіреді		целлофан мешок, жіп, мата
19	Дайын өнім		

Қазақ халқының сәнді-қолданбалы өнердің қолөнер шеберліктерін дамыту арқылы, қолөнердің жасалу жолдарының технологияларының нәтижелерін көрсете отырып, қолөнер шеберлік ұғымын білім алушыға бойына сіңіре үйрету керек.

Жалпы халқымыздың қолөнері арқылы көркем еңбек саласындағы болашақ мамандарды оқытып тәрбиелеу мәселесіне бірталай еңбектер арналғанымен, халық қолөнерін үйрету және сол арқылы өмірге даярлау тұрғысынан сан түрлі мәселелерді шешуді ғана зерттеу нысаны етіп алған А.Қ. Ахмедина т.б. кәсіби қызығу мәселелерін қарастырып, құнды тұжырымдар жасауға болады.

«Көркем еңбек» бағдарламасында материалдарды өндеудің барлық түрлері және олардың технологиясы, көркемдеп құрастырылуының, сәндік-қолданбалы шығармашылықтың негіздері берілген. Олардың пайымдауынша, адамды іс-әрекеттің қайсы бір түріне болса да баулу тұлғаның шығармашылық қасиетінің қалыптасу үрдісіне мақсатты түрде ықпал етеді. Ғалымдардың зерттеулері қолөнерге бағытталған іс-әрекеттегі білімнің кіріктірілген сипатын кеңейтеді. Бүгінгі ғылыми әдебиеттерге және педагогикалық тәжірибеге жасалған талдау болашақ мамандарды ұлттық қолөнерлік іс-әрекетке кәсіби даярлау мәселесінің әлі де болса теория мен өмірде өз шешімін таппай отырғанын көрсетеді. Көркем еңбек мұғалімдерін ұлттық қолөнер арқылы қолөнер шеберліктерін жетілдіруде қоғамның сұранысы мен бүгінгі жағдайы арасында, еңбек үрдісіндегі білім алушыларды өзіндік шығармашылық жұмыстарының мүмкіндіктері мен олардың ұлттық қолданбалы қолөнерге жеткіліксіз назар аударылуы арасында, көркем еңбек пәнінде қолөнерлік іс-әрекетке кәсіби мамандық даярлығын қалыптастыру қажеттілігі мен арнайы ғылыми әдістеменің жоқтығы арасында қарама-қайшылық байқалады.

Мектепте көркем еңбек пәні бойынша білім алушыларды жоғарғы оқу орнына даярлау барысында білім беру моделінің

жаңа бағыттарының бірі ол болашақ көркем еңбек пәні мұғалімдердің кәсіби білімін жетілдіру жолдарын қарастыру [9].

Бүгінгі білім алушы ертеңгі болашақ маман иелеріне қолөнердің сырын, бейнелілік тілін меңгерту және олардың өнер салаларындағы шығармашылық іс-әрекеттерін дамыту арқылы халқымыздың ғасырлар бойы жинақтаған эстетикалық көркемдік мәдени бай мұраларын игерту, туған халқының өнеріндегі парасатты дәстүрлеріне танымдық көзқарастарын қалыптастыру, қолөнерге деген қызығушылығын ояту, қазіргі кезеңдегі мектептен бастап жоғары оқу орындарының, білім беру жүйесінің барлық саласындағы имандылық тәрбиенің негізгі басты міндеттерінің бірі болып табылады.

Білім алушылардың кәсіби білімдерін арттыруда көркем еңбек пәні мұғалімдерінің шығармашылықпен жұмыс істеуіне, жаңа технологияның ғылыми негіздерін үйреніп, насихаттауына кең жол ашылды. Болашақ көркем еңбек пәні мұғалімдерінің мамандардың кәсіби білімдерін жүзеге асыруда мұғалім тиімді нәтижеге жеткізетін жоспарлы жұмыс атқаруы тиіс. Атап айтқанда, диагностика жасау, жаңа технологияны қолдану, нәтижені тексеру, сараптап баға қою сияқты.

Білім алушылардың қолөнер шеберліктерін жетілдіре отырып жаңа технологиялық әдістерді қолдану, жас ұрпаққа сапалы да терең білім беру арқылы оқу-тәрбие үрдісінде жоғары нәтижеге жету – біздің басты міндетіміз.

Осы міндеттердің бірі – жасөспірімдердің шынайы өмірге, өнерге кәсіби шеберліктерін қалыптастыру. Ал бұл шығармашылық тұрғыдан ізденімпаз тұлғаны дамытудың факторы болып саналады [10].

Қолөнер шеберлігі адамның туа біткен қабілеті болып табылмайды. Ол белгілі бір мәдениеттіліктен, даярлықтан, эстетикалық білімділіктен талап етіледі. Бұл қолөнер шеберлігінің қажеттілігін, қабілетін, талғамын, бағалау және т.б. сапаларды қамтитын жеке тұлғаның қолөнер

шеберлігін қызығушылығын қалыптастырудың қажеттілігін арттыра түседі.

Қолөнер шеберлігін логикалық тұрғыдан ойлау, талдау, деректерді салыстыру және қорытындылау қабілеттеріне негізделеді. Ол үздіксіз өзгеріске түседі, молаяды, жаңа мазмұнмен толықтырылады, адам өмірінің барлық саласында жетілдіріледі [8].

Мектепте білім алушыларының қолөнер шеберліктерін қалыптастыруда адамның қажеттіліктерінен, күнделікті ақпараттардың сапасынан, көркемдік білімділігінен, оның «сұлулық заңы» бойынша іс-әрекеттерінің сипатынан талап етіледі. Өнерді үйрету барлық саладағы іс-әрекеттерді қамтиды. Ұлттық сәндік қолданбалы өнер арқылы мектепте білім алушылардың кәсіби шеберлігін қалыптастыру қажеттіліктердің дамуы адамның ұлттық мәдениетінің жоғары деңгейін көрсетеді және рухани тұрғыдан дамуына ықпал етеді.

Мектепте білім алушылардың қолөнер шеберлігін қалыптастыруда қажеттілік көркемдік көзқарастарда, идеалдарда, талғамда, шығармашылықта пайда болады және адамның іс-әрекеті мен өмірлік мақсаттарына әлеуметтік мінез-құлқына ықпал етеді. Бұл әлеуметтік топтардың көркемдік құндылыққа (өнер, табиғат, еңбек, т.б.) негізделген шындыққа қарым-қатынасы болып табылады.

Талғампаздық пен шеберлік бір-біріне тәуелді және бірін-бірі толықтыра түседі бірлікті құрайды, қажеттіліктің дамуы қабілеттің дамуына әсер етеді. Мәселен, сәндік-қолданбалы өнер туындыларын қабылдау қабілетін дамыту үшін оның көркемдік тілін түсіну, образдарының спецификасын, көркемдік шындығын, шарттылығын және т. б. жете ұғыну қажет.

Мектеп білім алушыларының қолөнер шеберліктерін қалыптастыруда сәндік-қолданбалы өнерді меңгеру үрдісінде қолөнер шеберліктерін қалыптастыру оның адам өміріндегі рөлін жетік түсіндіруден, оның маңыздылығы мен мәнін және спецификасын заңдылықтарын толық ашып көрсетуден де талап етіледі.

Бұл жағдай сабақтарда халық өнерін қазіргі мәдениеттің ажырамас бөлігі тұрғысынан, кәсіби өнермен өзара әрекеттестігі, ерекше типтегі шығармашылық тұрғысынан қарастырғанда ғана мүмкін болады.

Әрбір баланың шығармашылық мүмкіндіктерін ашуға, қиялын, фантазиясын оятуға, мәдени тарихи ескерткіштерді білу, сақтау, насихаттауға байланысты қоғамдық-саяси және мәдени-ағартушылық іс-әрекеттерге белсенді араласуына ықпал етеді. Мектепте білім алушылар ұлттық сәндік-қолданбалы өнерін оқу мен меңгеру барысында еңбек үрдісіндегі өздерінің іс-әрекеттерін басқаруға, оны жоспарлауға, мақсаттар мен міндеттер қоюға, оңтайландыру мүмкіндіктерін табуға, еңбек мақсатына қол жеткізу.

### Талқылау

Жоғарыдағы нәтижелер бойынша, кәсіби маман педагогтер дайындауға көңіл бөлген жөн, өйткені болашақ маман ол біздің болашағымыз, білім алушылардың қолөнер шеберлік жолдарын ашыуына ықпалын тигізеді. Сондықтан, бұл жерде болашақ педагог дайындауға көңіл бөлу абзал, ол үшін педагог дайындауға кәсіптік білім беруге келесідей әрекеттер жасаймыз.

Кәсіптік оқыту педагогтарын дайындау идеяларын жүзеге асыру жолдарын келесі әрекеттерден көреміз:

- 1) дамушы және дамып келе жатқан мектептегі мақсаттардың, мазмұнның және технологиялардың қоғамның қажеттіліктерімен байланысы;
- 2) болашақ кәсіптік қызмет саласына қызығушылыққа негізделген тұлғалық-бағдарлы білім беруге көшу;
- 3) белсенді әрекет режимінде университетте танымдық іс-әрекетті ұйымдастыру;
- 3) жеке тұлғаның мүмкіндіктерін барынша пайдалану және ол үшін қажетті психологиялық-педагогикалық даму мүмкіндіктерін жасау;



4) интегративті тәсіл (тік және көлденең интеграция);

5) білім алушылардың өзіндік жұмысына оның қызметінің негізгі түрі ретінде мән беру.

Кәсіптік білім беру педагогика ғылымының құрамдас бөлігі ретінде педагогика ғылымының міндеттеріне, білімдерін жетілдіруге, педагогика ғылымының тәжірибесін жалпылауға толығымен бағынады [10].

Шынында да, кәсіптік білім беру ұйымдарында білім алушылар жай ғана білім алып қоймайды, сонымен қатар кәсіптік қызметтің белгілі бір саласында білім мен дағдыларды меңгереді. Сондықтан кәсіптік білім беруде мамандыққа, болашақ кәсіптік қызмет саласына қызығушылық жүйе құраушы болуы керек. Осы қағидаттарды ескере отырып, өнерде талғам ізденіп ойын дамытуда қиял, елес және көркемдік ой үлкен мәнге ие болады. Мектепте білім алушылардың осы салаларының дамуына тарихы мен мазмұны терең сәндік-қолданбалы өнер саласындағы жан-жақты білімдер, аталған өнер түрлерінің туындыларын жасау барысындағы шығармашылық тапсырмаларды орындауға ықпал етеді.

Мектептегі оқыту және білім беру көркемдік үрдістің техникалық әдістерін қолдану жүзеге асырылды.

Сонымен, білім алушылардың сәндік-қолданбалы өнер шығармашылығымен ерте танысуы негізінде қызығушылыққа бөленіп, сұлулық пен әсемдікке тәрбиелеу, олардың талғампаздығы жетілуі. Сондай-ақ аталған өнер туындыларының мазмұнын жете меңгеруі мен ондағы ою-өрнектердің мәнін ұғынуы арқылы ақыл-ойлары өседі, адами саналары толыса түседі, сол туындыларды өз қолдарымен жеке және сынып боп жасауы барысында рухани-адамгершілік сапалары артады, қолөнер шеберлігі шыңдалады, еңбекке, еңбек адамдарына құрметі калыптасады, өз еңбегін және өзгелер еңбегін бағалай білуге тәрбиеле-

неді. Осы тұлғалық сапалардың қалыптасуы барысында шеберлік дағдылары да үлкен мәнге ие болады.

Әр мемлекеттің интеллектуалды, экономикалық, әлеуметтік және рухани – мәдени потенциалы оның инновациялық қызметінің өркендеуі, қоғамның тәлім-тәрбие беру жәй-күйімен қатар оның прогресивті даму мүмкіндіктеріне тікелей байланысты [8].

Қазақстан Республикасының бүгінгі де, болашақтағы да кемелділігі, өркендеуі, рухы биік ұрпақ тәрбиесін жандандыру міндеттерінің тиімді шешілуіне оның прогресіне тәуелді. Осы ретте, яғни ұрпақ тәлім-тәрбиесін дамыту бағытында соңғы кезде мемлекет тарапынан игі қадамдар жасала бастады. Бұл міндеттерді шешу үшін мектеп ұжымдарының, әр мұғалімнің күнделікті ізденісі арқылы барлық жаңалықтар мен қайта құру, өзгерістерге батыл жол ашарлық жаңа тәжірибеге, жаңа қарым-қатынасқа өту қажеттігі туындайды. Бүгінгі таңдағы еңбек мазмұны оның интенсивті дәрежесімен ғана өлшенбейді, сонымен бірге шығармашылық деңгейінің пайда болуымен өлшенеді. Еңбек бағасы да, еңбеккер де өзгеруде, қоғам мәнінің басым бөлігін шығармашылық еңбек, яғни шығармашылықпен жұмыс жасаушы адам иеленеді.

### Қорытынды

Көркем еңбек сабағында қолөнер шеберлігін қалыптастыру негізінде, білім алушыларды еңбекке баулу қызығушылықтарын арттыру болып табылады.

Сондықтан, сәндік-қолданбалы өнер мәнін түсіндіре отырып, білім алушыны көркем еңбек сабағына қызықтыру, олардың еңбекке қызығушылығын арттыра отырып, олардың еңбекке баулу, қолөнер шеберлік ұғымын бойына сіңіріп тәрбиелеу. Қазақ қолөнері – өресі биік, өрісі кең өнер екенін үйрету. Қазақ халқының қолөнері көне заман тарихымен бірге дамып біте қайнасып келе жатқан бай қазына екенін естерінде сақтау керектігін естеріне салып отыру қажет.

Өнер – әсемдіктің ең жоғары түрі екенін білеміз, өйткені ол табиғаттың әсемдігін де, адам еңбегімен жасалған заттардың әсемдігін де, сол адамның ұлылығы мен сұлулығын да, оның іскерлігі мен шеберлігін және ой-арманын да өз бойына жинақтап, жан-жақты бейнелей алады.

Білім берудің мәдени-этникалық мүдделерге қатысты қызметі-жаңа идеяларды үндеу, оларды жалпы адамзаттық ізгіліктер шеңберіне білім алушыға дарыту. Білім беру жүйесін әлемдік өлшемдерге жақындата түсу, ұлттық тәрбие мен жалпы білімділік деңгейді ұштастыру.

Қазақ халқы өзінің күн көріс тіршілігіне қажетті үй-жай салуды, киім-кешек тігуді, азық-түлік өндіруді өзінің тұрмыстық кәсібі етіп, оларды күнбе-күнгі тіршілік барысында орынды пайдаланса, әсем бұйымдар жасап, өмірде сән-салтанат та құра білетін білім алушының бойына сіңіріп отыру олардың сәндік-қолданбалы өнерлерін бағалауға, қолөнер шеберлік жолға жетелеу. Бұдан біз халық шығармашылықтың қандай түрі болса да, халық өмірімен, сол халықтың қоғамдық тарихымен, күн көрісімен, кәсібімен тығыз байланысты екенін көреміз.

### Қолданылған деректер тізімі

1. **Ақназаров, С.** Оқушыларды еңбекке баулу [Мәтін]. – Алматы, 2016. – 40 б.
2. **Әбдрахманова, А.** Еңбекпен шынығуда [Мәтін] // Қазақстан мектебі, 1987. – № 7. – Б. 23-25.
3. **Әбиев, Ж.** Педагогика [Мәтін] / Ж. Әбиев, С. Бабаев, А. Құдиярова. – Алматы: Дарын. – 2014. – 443 б.
4. **Бабаев, С. Б., Оңалбек, Ж. К.** Жалпы педагогика [Мәтін]: Оқулық – Алматы: Заң әдебиеті, 2015. – 228 б.
5. **Батышева, С. Я.** Профессиональная педагогика [Текст]. – М.: Ассоциация «Профессиональное образование», 2013. – 904 с.
6. **Бершадский, М. Е., Гузев, В. В.** Дидактические и психологические основания образовательной технологии [Текст] / М.: Центр «Педагогический поиск», 2013. – 256 с.
7. **Дайрабаев, Е., Дайрабаева, А.** Педагогика пәнінің негіздері: Оқу құралы [Мәтін]. – Алматы: Қазақ университеті, 2015. – 223 б.
8. **Зеер, Э. Ф.** Психология профессионального образования [Текст]. – М.: МОДЭК, 2013. – 480 с.
9. **Rauner, F.** Measuring and Developing Professional Competences in COMET: Method Manual (2021) Technical and Vocational Education and Training, 33, pp. 1 - 538. DOI: 10.1007/978-981-16-0957-2\_1
10. Declaration on professional oriented higher education. To the ministers of Higher Education, present in Bergen (Norway). 2005. URL: [http://www.aic.lv/bologna/Bologna/contrib/Statem\\_oth/decl\\_on\\_prof\\_educ.pdf](http://www.aic.lv/bologna/Bologna/contrib/Statem_oth/decl_on_prof_educ.pdf) (date of application: 20.02.2023).

### References

1. **Aqnazarov, S.** Oqyshylardy eńbekke baýly [Labor training of students] [Mátin]. – Алматы, 2016. – 40 b.
2. **Ábrahmanova, A.** Eńbekpen shynyǵyda [Hard training] [Mátin] // Qazaqstan mektebi, 1987. – № 7. – B. 23-25.
3. **Ábiev, J.** Pedagogika [Pedagogy] [Mátin] / J. Ábiev, S. Babaev, A. Qudiyarova. – Алматы: Daryn. – 2014. – 443 b.
4. **Babaev, S. B., Ońalbek, J. K.** Jalpy pedagogika [General pedagogy] [Mátin]: Oqylyq – Алматы: Zań ádebieti, 2015. – 228 b.
5. **Batyshva, S. Ya.** Professional'naya pedagogika [Professional pedagogy] [Tekst]. – М.: Associaciya «Professional'noe obrazovanie», 2013. – 904 s.
6. **Bershadskij, M. E., Guzev, V. V.** Didakticheskie i psihologicheskie osnovaniya obrazovatel'noj tekhnologii [Didactic and psychological foundations of educational technology] [Tekst] / М.: Centr «Pedagogicheskij poisk», 2013. – 256 s.
7. **Dajrabaev, E., Dajrabaeva, A.** Pedagogika pániniń negizderi [Fundamentals of pedagogy]: Oqy quraly [Mátin]. – Алматы: Қазақ университеті, 2015. – 223 b.
8. **Zeer, E. F.** Psihologiya professional'nogo obrazovaniya [Psychology of professional education] [Tekst]. – М.: MODEK, 2013. – 480 s.
9. **Rauner, F.** Measuring and Developing Professional Competences in COMET: Method Manual (2021) Technical and Vocational Education and Training, 33, pp. 1 - 538. DOI: 10.1007/978-981-16-0957-2\_1
10. Declaration on professional oriented higher education. To the ministers of Higher Education, present in Bergen (Norway). 2005. URL: [http://www.aic.lv/bologna/Bologna/contrib/Statem\\_oth/decl\\_on\\_prof\\_educ.pdf](http://www.aic.lv/bologna/Bologna/contrib/Statem_oth/decl_on_prof_educ.pdf) (date of application: 20.02.2023).

## Основы формирования профессиональных навыков обучающихся через народное ремесло

Ф. Б. Нугманова<sup>\*1</sup>, А. Ж. Архыматаева<sup>2</sup>, К. Б. Адиев<sup>3</sup>, А. Т. Кайыпбаева<sup>4</sup>

<sup>1,2,3,4</sup> Национальная академия образования имени И. Алтынсарина  
г. Астана, Республика Казахстан



**Аннотация.** В данной публикации авторы статьи акцентируют внимание на современной образовательной системе обучения и воспитания обучающихся через предмет художественного творчества, поскольку существует множество проблем при выборе профессий обучающимися.

В статье раскрываются основы художественного труда, обучающиеся, система постоянного саморазвития. Сегодня принято считать, что молодое поколение, должно воспитываться в соответствии с требованиями времени, и реализовываться воспитание должно через национальные ценности. С помощью «декоративно-прикладного искусства» предусмотрены способы привлечения внимания обучающихся к способам создания декоративно-прикладных изделий, привития национальных ценностей, формирование базовых навыков.



**Ключевые слова:** образование, национальные ценности, национальное богатство, культура.

## Fundamentals of the formation of students' professional skills through folk crafts

F. B. Nugmanova<sup>\*1</sup>, A. Zh. Arkhymataeva<sup>2</sup>, K. B. Adiev<sup>3</sup>, A. T. Kayypbaeva<sup>4</sup>

<sup>1,2,3,4</sup> National Academy of Education named after I. Altynsarin  
Astana, Republic of Kazakhstan



**Annotation.** In this publication, the authors of the article focus on the modern educational system of training and education of students through the subject of artistic creativity, since there are many problems in the choice of professions for students.

The article reveals the foundations of artistic work, the desire for professions, students, a system of constant self-development. Today it is generally accepted that the younger generation, keen on a new business, should be brought up and educated in accordance with the requirements of the time, and it should be realized through national values. With the help of «arts and crafts» there are ways to attract students' attention to the ways of creating decorative and applied products, instilling national values, forming humane, hardworking and skills.

The conclusion to students when choosing future professions is that they should learn to respect the heritage of the Kazakh people. Familiarization with the content of works of art. He taught students the importance of choosing a future art teacher, showing respect for the chosen profession.



**Keywords:** education, education, national value, national wealth, culture.

*Материал баспаға 03.05.2023 ж. келіп түсті*